№04 КЕЛІСІМ ШАРТ

Алматы облысының Балқаш ауданының Бақанас аулындағы Құтпанбетов,Қонаев және Ормышев көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына

Бақанас ауылы **06.03.2015жыл**

Бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын **«Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі** (26.08.2014ж. № 256-1907-02-ММ куәлік) атынан бөлім басшысы **Асылбек Сейтжан Садақбайұлы** бір тараптан және бұдан әрі **«Мердігер»** деп аталатын **«Балқаш жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** (07.04.2009 ж. № 157-1907-02-ЖШС куәлік) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін **Ибраев Асқар Серикжанович** екінші тараптан «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III (14.01.2014 жылғы **өзгертулер мен толықтырулар) Заңның** негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

<u>Бюджеттік бағдарламалардың атауы:</u>
485- Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі;
023-автомобиль жолдарын жұмыс істеуін қамтамасыз ету
000- автомобиль жолдарын жұмыс істеуін қамтамасыз ету
159- Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу.

1. Келісім шарттың мәні

1.1. Осы шарттың мәні «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 21.07.2007 жылғы № 303-III (14.01.2014 жылғы өзгертулер мен толықтырулар) Заңына және 02.03.2015 жылғы бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қортындысына сәйкес Алматы облысының Балқаш ауданының Бақанас аулындағы Құтпанбетов,Қонаев және Ормышев көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.
1.2. Мердігер, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Балқаш ауданының Бақанас аулындағы Құтпанбетов,Қонаев және Ормышев көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына 2015 жылдың 31 тамызына дейін жалпы сомасы 23342346 (жиырма үш миллион үш жүз қырық екі мың үш жүз қырық алты) теңге 72 тиынға жүргізуге міндеттеме алады.
1.3. Жұмыстың басталу уақыты осы шарт күшіне енген күннен басталады.
1.4. Тапсырыс беруші Мердігерге атқарылған жұмыс көлемі үшін осы шартта келісілген соманы 2015 жылдың 31 тамызға дейін төлейді.

2. Міндеттемелердің көлемі, құны және орындалу тәртібі

2.1. Шарттың жалпы сомасы – 23342346 (жиырма үш миллион үш жүз қырық екі мың үш жүз қырық алты) теңге 72 тиын.
2.2. Осы шарт бойынша ең соңғы төлемді Тапсырыс беруші Мердігерге осы шарт бойынша міндеттемелер толық орындалған жағдайда, жұмыстағы кемшіліктері толық түзетіліп, ауданның тиісті органдары орындалған жұмыс көлемін растаған жұмыстың орындалу актісі жасалған кезде және тапсырыс берушінің аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне осы нысанды пайдалануға беру туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісін ұсынғаннан кейін төленеді.
2.3. Мердігер мен Тапсырыс берушінің арасындағы жұмыс көлемі бойынша есептесулер ұсынылған орындалған жұмыс актілеріне (№2 форма), жұмыс күн актісіне (№3 форма) және шот фактураға сәйкес жүргізіледі.

3.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Мердігер құқылы:
- уақытында, толық көлемде орындалған міндеттемелер бойынша ақысын алуға;
- атқарылған жұмыс сапасына талдау және бағалау жөніндегі комиссия жұмысына қатысуға;
- комиссияның актісімен танысуға;
3.2. Мердігер міндетті:
- Тапсырыс берушіге атқарылған жұмыстардың тізбесі, көлемі және жағдайы туралы ақпарат беру;
- Тапсырыс берушіге жұмысты қабылдап алу үшін бақылау-өлшеу құралдарын және көлік құралдарын ұсыну;
- Тапсырыс берушіге атқарылған жұмыстар актісін ұсынуға, сондай-ақ шарттың орындалуына тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

- жұмыстар орындалатын жолдарда көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуші кезек күттірмес шараларды бірінші атқаруға, егер жол көлік оқиғасы соның кінәсінан болса, шарт мерзімі өткенге дейін Мердігердің шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттерін орындамау себебінен орын алған жол көлік оқиғаларына жауап беруге;
- Жобалық-сметалық құжаттамаға, ҚНжЕ талаптарына және басқа да ҚР қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес жұмыстар атқаруға;
- жұмыстағы кемшіліктер мен ақауларды, жұмыс технологиясын сақтамаудан болған кемшіліктерді Тапсырыс берушімен келіскен мерзімде өз есебінен жоюға;
- жұмыс жүргізу кезінде жобалық-сметалық құжаттамаға, ҚНжЕ талаптарына сәйкес жол құрылыс материалдарын қолдануға;
- Тапсырыс берушінің жұмысты атқаруға бөлген қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануға;
- Тапсырыс берушіні күн сайын жолдың жағдайы мен автомобиль жолдарын пайдалану режимінің өзгерістері туралы, жол көлік оқиғалары болған жағдай болса ол туралы дұрыс ақпарат беруге;
- автожолдың бақылаушы учаскелерінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау мақсатында тәулік бойы кезекшілік және мейрам күндері патруль қызметін ұйымдастырады, сондай-ақ ауа райы бұзылған және төтенше жағдайлар орын алған жағдайда;
- Тапсырыс берушіні міндеттемелердің орындалу барысы және жұмыс өндірісінде туындаған кедергілердің барысы туралы хабардар етуге.
3.3. Мердігер осы шарт жасаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде банктік кепілдеме шарт бойынша қабылданған шешімдерді толық орындағанға дейін шарттың жалпы сомасынан **3%** көлемінде қаражат құюға, шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізуге тиіс.
3.4. Тапсырыс беруші құқылы:
- шарттың орындалуына тексеру жүргізу үшін толық көлемде қажет ақпаратты уақытында алуға;
3.5. Тапсырыс беруші міндетті:
- жол пайдаланушылардан, жол полициясынан, көлік инспекциясынан келіп түскен ескертулер мен талаптілектер туралы, оларды жою үшін Мердігерді хабардар етіп отыруға;
- Мердігердің бірінші талабы бойынша жұмыспен танысуға және мәселелерді жедел шешуге жіберу.
- атқарылған жұмыс актісі мен шот фактураларды ;
- Мердігердің атқарылған жұмысы үшін шыққан шығынын уақытында төлеуге және осы шарт негізінде оның жұмысын нақтылайтын қажетті нормативтік құжаттармен уақтылы қамтамасыз етуге.
3.6. Тапсырыс беруші мен Мердігер тура кездесулер барысында олардың арасында туындайтын шарт бойынша алауыздықтар мен дауларды шешуге бар күшін салуы тиіс.
3.7. Егер 21 (жиырма бір) күннің ішінде мұндай бейресми келіссөздер болған жағдайда Тапсырыс беруші мен Мердігер шарт бойынша дауларды бейбіт жолмен шеше алмаған жағдайда, тараптардың қайсы бірі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешімін талап етуге құқылы.
3.8. Мердігер шартқа қол қойғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жұмыстың тәртібі мен мерзімі белгіленген жұмыс кестесін ұсынуға береді.
3.9. Мердігер негізгі жұмыстарға біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген мамандарды қабылдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстыру кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің ондай ауыстыруға келісімін алуы қажет. Жаңа жұмысшылардың біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген жұмысшылардың біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Мердігердің жауапкершілігі мен бақылауы:
- жұмыстың атқарылуында кемшіліктердің болуына, сондай-ақ Тапсырыс берушіден алынған қаражаттың мақсатсыз жұмсалуына;
- Тапсырыс берушіге келтірген зиян мен залалдан туындаған барлық тәуекелге, өздерінің жұмысшыларының меншігі мен денсаулығына, сондай-ақ шартты орындау кезінде болған жұмысшыларының қайтыс болуына жауапты;
- жұмыс өндірісіндегі техника қауіпсіздігіне;
- жұмыстың атқарылуына жұмсалатын қаражат, әдістеме, техника, бірізділігіне және сапасына, шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруге;
- аумақ учаскесінің тазалығына, яғни барлық құрылыс қалдықтарын тазалауға және учаскені жедел таза қалыпқа келтіруге.
4.2. Тапсырыс беруші жауапты:
- ҚР заңдарына сәйкес, Тапсырыс берушіге байланысты емес себептерден басқа (мысалы, қаржыландырудың болмауы), атқарылған жұмысы үшін Мердігердің шығынын қайтаруға ақша қаражатын уақытында аудармағаны үшін.
4.3. Тапсырыс беруші тарапынан жұмысты атқаруда шарт шарттарын бұзу, осы шарттың 4.2. тармағында көрсетілген себептерден басқа оған жүктелген басқа да төмендегі санкцияларға әкеп соғуы мүмкін:
- осы шартта белгіленген мерзімді бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір мерзімі өткен күн үшін шарт құнының 0,1% көлемінде айыппұл төлейді. Тұрақсыздық айыбы төмендегі төлеммен бірге жүргізіледі.

Тұрақсыздық айыбының пайызы төлем жүргізілуі қажет күннен басталып, соңғы төлем жүргізілетін күннен аяқталады.
4.4. Шарттың шартын Мердігер тарапынан бұзу оған жүктелетін төмендегі санкцияларға алып келуі мүмкін:
- осы келісімшартта белгіленген мерзімді бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір мерзімі өткен күн үшін шарт құнының 0,1% көлемінде айыппұл төлейді;
- жұмыс сапасыз орындалған жағдайда барлық кемшіліктерді жоюға қосымша мерзім беріледі. Қосымша мерзімді асыра пайдаланғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір мерзімі өткен күн үшін шарт құнының 0,5% көлемінде айыппұл төлейді;
4.5. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен бірге жалпы жұмыс көлемінің (мердігер құнының) 2/3 бөлігі көлеміндегі жұмысты атқаруға Шарт жасай алады, Шартты Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаға бере алмайды. Мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттың шартын өзгертпейді.

5. Жұмыстарды қабылдау

5.1. Тапсырыс беруші өзінің өкілдерін жұмысты қабылдап алу және бақылау жасау үшін тағайындайды.
5.2. Тапсырыс беруші атқарылған жұмыс көлемін анықтап, оларды ҚНжЕ мен осы шарттың 3.2. тармақшасындағы техникалық жағдайларға сәйкес болған жағдайда Мердігерден қабылдап алады.
5.3. Мердігер барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін келісім шартта айтылғандай Тапсырыс берушіге жұмыстың аяқталғаны туралы хабарлайды. Тапсырыс беруші аяқталған жұмыстарды бағалауға Келісім-шартқа сәйкес жеті күннен кешіктірмей комиссия тағайындайды (Жұмыс комиссиясы).
5.5. Жұмысшы комиссисы Мердігердің қатысуымен өткізіледі.
5.6. Жұмыс комиссиясы Актісінің күні барлық жұмыс түрінің аяқталған күнінен саналады.
5.7. Жұмыс комиссиясы кемшіліктер тізімін жасап, оларды қалпына келтіру мерзімін көрсетеді. Кемшіліктердің жойылған күні келісім-шарттың аяқталу күні болып табылады. Барлық кемшіліктерді жою фактісі, нысандарды пайдалануға беру туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының Актісімен анықталады.

6. Шартты өзгерту және бұзу

6.1. Тараптардың қосымша келісімі ретінде шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
6.2. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және жеткізушіні таңдауға негіз болып табылатын ұсыныстарды өзгертетін Заңның 39 бабының 1 және 2 тармағында қаралған негізде өзгертулер енгізуге болмайды.
6.3. Егер шартта қаралған қағидалық жағдайларынан айыратын ірі кемшіліктер екінші тараптың әсерінен орын алса, Тапсырыс беруші және Мердігер келісімшартты онда көрсетілген мерзімінен бұрын бұза алады.
6.4. Келісімшарт шарттарының айтарлықтай бұзылуына төмендегілер жатады, бірақ ол аталғандармен шектелмейді:

1) Егер Мердігер жұмыс кестесінің орындалу мерзімін бірнеше рет бұзса Тапсырыс беруші келісімшартты бұза алады;

2) Мердігер жұмысты екі күнтізбелік күнге дейін тоқтата алады, әрі жұмысты тоқтатуға Тапсырыс беруші санкция бермеуі;

3) Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мерзім ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймауы;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмысты тоқтата тұруға тапсырма берсе, және ондай тапсырма 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде өзгертілмеуі;

5) Тапсырыс беруші немесе Мердігер банкротқа ұшырауы немесе оның қайта құрылуы немесе біріктірілуінен басқа, кандай да бір себептермен таратылуы,;

6) Мердігердің жобалық –сметалық құжаттамасында көрсетілген жұмыс өндірісінің ережелерін, нұсқаулықтары мен қағидаларын ескермеуі.

6.5. Төмендегі жағдайлардың бірі анықталған жағдайда осы шарт бұзылуы мүмкін:
- 21.07.2007жылғы № 303-III ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» (14.01.2014 жылғы **өзгертулер мен толықтырулар**) Заңының 6 бабында карастырылған шектеулердің бұзылуы;
- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысының мердігерге ҚР Заңдарында карастырылмаған көмек беруі.
Егер шарт бұзылса, Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні Тапсырыс берушіге белгіленген тәртіп бойынша өткізіп беруі тиіс.
6.6. Шартқа енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың қосымша келісімі ҚР Қаржы министрлігінің Казынашылық комитетінің аумақтық органында тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

7. Форс-мажор

7.1. Егер кандай да бір Мердігер мен Тапсырыс берушіге бағынбайтын, табиғи апаттар, әскери жағдай немесе басқа да бір күтпеген жағдайлар туындаса, шарт бұзылады, ал Тапсырыс беруші келісімшартты тоқтатады. Мердігер жұмысты тоқтату туралы хабарлама алған соң Объектідегі жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған барлық жұмыс көлемі үшін және объектіні консервациялауға қатысты жұмыстары үшін қаржыландырады.

7.2. Тапсырыс беруші егер күтпеген жағдайлар туындаса немесе жұмысты атқаруға қосымша уақытты қажет ететін ауытқулар болса, сондай-ақ егер жұмысты атқару кезінде қосымша еңбек шығынын талап ететін жасырын ақаулар табылса, жұмыс мерзімін ұзартады. Ондай жағдайда мердігер Тапсырыс берушіні азаматтық заңнамада қаралған рәсімге сәйкес хабардар етуі тиіс.

8. Басқа жағдайлар

8.1. Осы келісімшарт ҚР Қаржы министрлігінің Қазыншылық Комитетінің аумақтық органында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және 31.12.2015 жыл аралығында жарамды болып табылады.
8.2. Келісімшарт бірдей заң күші бар, екі дана етіп әзірленген. Біреуі - Тапсырыс берушіге, екіншісі - Мердігерге.

9. Тараптардың мекен жайы мен деректемелері

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ **«Балқаш аудандық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі**	**МЕРДІГЕР** **«Балқаш жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
БСН 130840018979 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ42070103KSN0902000 «ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті» ММ Мекен-жайы; Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Д.А.Қонаев к-сі., 66 үй. тел. 8 (72773) 91543 **Бөлім басшысы** _____ С.Асылбек М.О.	БИН 990940002121 БИК HSBKKZKX ИИК KZ39 6010 1310 0001 1175 Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Мекен жайы: Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, «Самал» ықшам ауданы, 26. тел: 8 (72773) 95151 **Директор** _____ А.Ибраев М.О.